

ЖОЖ 619: 616—092: 612.017. 1-008.64

Жетпісқан Қ.

Қожанов К.Н., ветеринария ғылымдарының докторы профессор

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті

ЕКІНШІ ҚАТАРДАҒЫ ИММУНДЫҚ ТАПШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Иммунитет жүйесі де басқа жүйелер сияқты тіршілік үшін маңызды, ол организмнің ішкі ортасының тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары мал организмінде дамиды деп тапшылыққа деген қызығушылық теориялық және тәжірибелік жағынан ветеринария саласында маңызды орын алуда. мұндай жағдай көптеген әдеби деректерде иммундық тапшылық деп бағалануда.

Иммундық тапшылық дегеніміз - организмнің иммундық жауабының бірнемесе бірнеше маханзимдерінің дұрыс жұмыс істемеуі салдарынан организмнің иммунобиологиялық статусының қалыптатылығының бұзылуы. Олар көбінесе арнайы емес иммундық жүйенің функционалдык белсенділігінің бұзылуынан немесе нақтылы иммундық жүйенің дұрыс жұмыс істемеуінен туындайды. Мұндай жағдайда мал ауруларының ауыр түрде жүруі немесе жиілеуі байқалады. Олар созылмалы түріне айналып, сапрофитты микроорганизмдер патогендік қабілеттілікке ие болып ауруды одан ары асықындыра түседі.

Иммундық жүйеде кездесетін патологияның түрлері:

- 1) Иммундық тапшылық - организмнің иммундық жауабының бір немесе бірнеше механизмінің дұрыс жұмыс істемеуі салдарынан ондағы иммунологиялық статус көрсеткіштерінің қалптан ауытқуы.
- 2) Аллергиялық жағдай оның биологиялық маңызы - организмде белгілі бір затқа қарсы денелердің түзілуі.
- 3) Аутоиммунды жағдай - морфологиялық және функционалдык ауытқуы бар құрылымдарға қарсы денелердің түзілуі.

Арнайы иммундық тапшылықтар иммундық жүйенің В - және Т -торшалар деңгейіндегі өзгерістермен сипатталады. Өзгерістердің деңгейі мен орналасуына байланысты басымырақ гуморалдык, торшалык немесе аралас иммундық тапшылықтарды ажыратуға болады.

Мал организмінде бірінші қатардағы және екінші қатардағы иммундық тапшылықтарды ажыратуға болады.

Бірінші қатардағы иммундық тапшылық туа біткен, генетикалық негіздегі организмнің иммундық жауап бере алмауы. Иммундық жүйенің бұзылғандығы бірінші қатардағы иммундық тапшылықтарда айқынырақ білінеді.

Екінші қатардағы иммундық тапшылық жүре пайда болған, организмнің ауруға шалдығуы салдарынан ондағы зат алмасуының бұзылуынан пайда болады. Олар, сондай - ақ, цитотоксикалық препараттардың, иондаушы радиацияның әсерінен, жаңа туған төлге ана сүті арқылы да дамуы мүмкін.

Иммундық тапшылықтың дамуында көптеген сатыларды бақылауға болады. Ондай сатылардың дамуы ұрықтың сүйек кемігіндегі торша элементтердің жетілу барысындағы дефектілеріне байланысты.

Екінші қатардағы иммундық тапшылық жануарлардың туғаннан кейінгі мерзімінде көп иммунодепрессанттардың ықпал етуінен де пайда болуы мүмкін.

Иммундық тапшылық организмде қорғаныс функцияларының жиірек бұзылуымен сипатталады.

Екінші қатардағы иммундық тапшылық жануарларда инфекция және тоғышарлар тудыратын ауруларда, малдар уланғанда, қолайсыз физикалық факторлар әсер еткенде, зат алмасуының бұзылуынан болатын ауруларда және басқада оебептерден пайда болады. Иммундық тапшылық көп себепті ауруларда жиі анықталады.

Мал организмінде аурудың салдарынан туындайтын иммундық тапшылықтардың иммунологиялық жетіспеушіліктің негізінде, әр түрлі механизмдер жатр, Олар:

- 1) Клетка-супрессорлардың шамадан тыс белсенділігі;
- 2) Организм мен ауру себептеріне ортақ антигендік детерминанттар;
- 3) Макрофагтардың қызметінің бұзылуы;
- 4) В-торшаларының поликлонды белсенділігі;

5) Лимфоциттердің функциясын қажытатын факторлар иммундық тапшылықтың осылай жіктелуі бүгінгі күнгі ғылыми жетістіктерге тікелей байланысты.

Организімнің иммундық жауабының генетикалық, биохимиялық және торшалық жаңалықтарының ашылуларына байланысты иммундық тапшылықтың жіктелуі де жетілдіріле бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лютинский С.И. Патологическая физиология сельскохозяйственных животных. - М: Колос, 2001.
2. Патофизиология: Учебник для медицинских вузов / Под ред. В.В.Новицкого и Е.Д. Гольдберга - Томск: Издательство Томского Университета, 2001 г.
3. Патологическая физиология: Учебник для медицинских вузов и факультетов / Ред. А.Д. Адо, М.А. Адо, В.И. Пыцкий, Г.В. Порядин, Ю.А. Владимиров -М.: Триада-Х, 2002 г.
4. Қожанов.К.Н Коррекция вторичного иммунодефицита при бронхопневмонии телят /Вестник СГУ, том 3. -Семипалатинск, 2006.